«6D030200 – Халықаралық құқық» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін дайындалған Жунисов Жасулан Сейткаримовичтың «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауаптардың бірейін сызу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертулерді курсивпен белгілеу керек)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның нөмері мен атауын көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын керсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары Ғылыми - техникалық комиссия бекіткен Ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді (бағытын керсету).	«6D030200 – Халықаралық құқық» мамандығы бойынша PhD дәрежесіне алу үшін дайындалған Ж.С. Жунисовтың «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктері» деп аталатын диссертациясы 2021 ж. қабылданған Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 ж. дейінгі тұжырымдамасының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Ізденуші ұсынып отырған диссертациялық жұмыс «6D030200 – Халықаралық құқық» мамандығы бойынша қойылатан талаптарға сәйкес келеді.

2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады** / қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған** / ашылмаған.	ЕАЭО шеңберіндегі мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру мәселелерін дұрыс түсіну үшін олардың әлі Одақ болмай тұрып Қоғамдастық кезінде қалыптасуына кешенді талдау жасалған, теориялық-әдістемелік тұрғыдан пікірлер мен тұжырымдар негізделген. Жұмыс заң ғылымының теориялық негізін кеңейтуге **елеулі үлесін қосады**.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	«Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктері» деп аталатын диссертация автордың өзімен және **жоғары деңгейде** жазылған, жеке шығармашылық сипатқа ие, ғылыми жаңалығы бар, теория әрі практика тұрғысынан өте құнды.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі 2021 жылғы Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 ж. дейінгі тұжырымдамасының негізгі ережелерімен және Қазақстан Республикасының белсенді интеграциялық саясатымен **негізделген**.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны оның тақырыбынан туындайды және құрылымдық жағынан дұрыс құрастырылған. Ол кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады. Тақырып қисынды кезектілік негізінде ашылып көрсетілген. Кіріспеде автор зерттеудің өзектілігін, мақсаты мен міндеттерін, объектісі мен нысанасын, теориялық және практикалық маңыздылығы мен нәтижелердің сыннан өтуін көрсеткен. Бөлімдерде заңдарды біріздендіру мен үйлестірудің тұжырымды негіздері, осы саладағы ЕурАзЭҚ тетіктері мен олардың Одақ пайда болғаннан кейін өзгеруі қарастырылған. Еңбекте ғылыми зерттеудің қисыны көзге түседі және ол жұмыстың ішкі құрылымымен расталады.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді**. Диссертацияда алға қойылған мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттері өз кезектілігімен жүзеге асырылу арқылы тиісті нәтижелерге қол жеткізілген.
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

		4.4 Диссертацияның барлық белімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан **толық байланысқан**. Жұмыстың бар компоненттеріне ғылыми бірізділік пен жүйелілік тән. Жұмыстың барлық бөлімдері логика жағынан дәйекті құрастырылған, сауатты бейнеленген, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор тақырыпты теориялық, тарихи тұрғыдан бастап, қазіргі кезеңдегі жағдайына дейін зерттеген. Сонымен қатар, тақырып аясымен байланысты практикаға салыстырмалы талдай отырып, жаңа нәтижелер ұсынған. Автордың ұсынған шешімдері дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, **сыни тұрғыдан бағаланған**.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен ережелер отандық халықаралық құқық ғылымы үшін жаңа болып табылады, **жаңалық деңгейі – 75%**.
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертация қорытындылары жаңа ма?	Диссертация қорытындылары жаңа болып табылады, **жаңалық деңгейі – 75%.**
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа әрі негізделген болып табылады, **жаңалық деңгейі – 75%.**
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге **негізделген** / негізделмеген (qualitative research) (куолитатив ресеч) және өнер әрі гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация нәтижелері таңдалған зерттеу әдістерінің жиынтығымен және зерттелген әдебиеттердің, практика материалдарының үлкен көлемімен расталады. Нәтижелердің бір бөлігі жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолданылып жатқанын бөлек атап өткен жөн.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	**1-тұжырым** - дәлелденді, тривиалды емес, жаңа (75%), қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. Тұжырымда ұлттық құқықты жақындастыру, үйлестіру және біріздендіруді құқықтық интеграцияның негізгі нысандары ретінде қарастырады. **2-тұжырым** - дәлелденді, тривиалды емес, жаңа (75%), қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. Тұжырымда біріздендіру мен үйлестіру құқықты жақындату нысаны, яғни біріздендіру әртүрлі елдердің ұлттық құқығында
		7.1 Тұжырым дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	

		7.3 Жаңа ма? 1) **<u>иә;</u>** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	біртектес ережелерді орнату, ал үйлестіру заңнамалар арасындағы айырмашылықтарды жою және азайту ретінде қарастырады. **3-тұжырым** - дәлелденді, тривиалды емес, жаңа (100%), қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. Тұжырымда ЕО қоладнылған «ұлттық биліктен басымдық» және «интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы» қағидалары ЕурАзЭҚ-те жүзеге аспағанымен, ЕАЭО-да жүзеге асырылуымен түсіндіріледі. **4-тұжырым** - дәлелденді, тривиалды емес, жаңа (100%), қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. Тұжырымда ЕурАзЭҚ-тың басты ерекшелігі - мемлекеттердің ішкі заңдарын жақындатумен айналысатын арнайы орган - Парламентаралық Ассамблея екенін көрсететді. **5-тұжырым** - дәлелденді, тривиалды емес, жаңа (75%), қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. Тұжырымда ұлттық заңнамаларды жақындастыру, үйлестіру және біріздендіруді дамытқан ЕурАзЭҚ-тың Парламентаралық Ассамблеясы
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **<u>кең;</u>** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **<u>иә;</u>** 2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			ТМД-тың Парламентаралық комиссияның ізбасары деп қарайды. **6-тұжырым** - дәлелденді, тривиалды емес, жаңа (75%), қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. Тұжырымда ЕурАзЭҚ шеңберінде әзірленген үйлестіру және біріздендіру жүйесіндегі кемшіліктерге тоқталған. **7-тұжырым** - дәлелденді, тривиалды емес, жаңа (100%), қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. Тұжырым мемлекеттер заңдарын біріздендіру және үйлестіру бойынша ЕурАзЭҚ Сотының орны мен қызметіне бағытталған.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккездер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **иә;** 2) жоқ.	Диссертацияда әдіснаманың таңдалуы **негізделген**. Мысалы, тарихи әдісті қолдану арқылы заңнаманы біріздендіру және үйлестіру тетіктерінің сабақтастығы **негізделген**.
		8.2 Диссертациял жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **иә;**	Диссертация заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, соның ішінде әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық мазмұнды кеңінен қолдана отырып жүргізілген. Нәтижелер заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, сондай-ақ деректерді өңдеу және түсіндірудің тиімді

		2) жоқ.	әдістерін қолдану арқылы алынған. Бұл болса нәтижелердің объективтілігі мен ғылыми құндылығын арттыруға мүмкіндік берді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **иә;** 2) жоқ.	Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Бұл ең алдымен ЕурАзЭҚ Сотының практикасын зерттеу арқылы қамтамасыз етілді. Бұл әдіс теориялық болжамдардың қосымша растығын бекітгі және зерттеудің ғылыми құндылығын күшейтті.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Ұсынылған мәлімдемелер нақты да сенімді дереккөздерге негізделіп, ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы **расталған**. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нәтижелерін қолдайтын және оның маңызды мәлімдемелерін дәлелдейтін сенімді ғылыми дереккөздерді қамтиды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті** / жеткіліксіз.	Жұмыста мәселені ғылыми тұрғыдан дамыту үшін **жеткілікті** болып табылатын зерттеу тақырыбы

			бойынша 228 әдеби дереккөз қолданылды. Диссертацияда ғылыми әдебиеттер, оқулықтар, ғылыми мақалалар жеткілікті деңгейде қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Оны, ең алдымен, жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолдануға болады. Диссертацияның қорытындылары мен ережелерін осы бағыттағы келесі ғылыми зерттеулерде пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар, оның нәтижелерін интеграция мәселерімен айналысатын мемлекеттік органдардың қызметінде (ең алдымен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі, Сауда мен интеграция министрлігі) қолдануға болады. Алынған нәтижелердің практикада қолданылу мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар **75% жаңа** болып табылады. Диссертация аясында ғылыми нәтижелер мен ережелердің ішінара жаңалығын тануға болады, өйткені олардың басым көпшілігі бұрын

			тұжырымдалған нәтижелер мен ережелерді кайталамайды.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **<u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу және ресімдеу сапасы **<u>жоғары</u>** болып табылады. Автор ойын еркін жеткізе білген, оны негіздей алатынын көрсеткен. Фактілермен бірге жұмыста автордың ой-пікірлері келтірілген.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға оң баға бере отырып, оның кейбір кемшіліктерін де атап өту керек. Олар: *1) Қорғауға шығарылған ережелердің ішінен соңғы ереже, рецензенттің ойы бойынша, кеңейтіліп, егжей-тегжейлі белгіленгені дұрыс болар еді. Диссертация мәтінінде бұған қатысты тиісті қорытындылар бар.* *2) Мәтінде техникалық қателер кездеседі.* Бұл ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын темендетпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі **<u>жоғары</u>** болып табылады. Диссертация мақалалар сериясы нысанында емес, диссертациялық жұмыс негізінде қорғалады.

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация тақырыбы бойынша ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 6 мақала, халықаралық конференция материалдарында 5 мақала, Scopus деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымдарда 1 мақала жарияланды.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы - Жунисов Жасулан Сейткаримович «6D030200 –Халықаралық құқық» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:
Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің әлеуметтік ғылымдар және құқық кафедрасының профессоры, з.ғ.д.

Алибеков Сайлаубек Тынышбекович